**Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыру аясында 2011-2012 оқу жылына техникалық және кәсіптік білімді мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 шілдедегі N 3/446 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2011 жылғы 30 шілдеде N 897 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-баптың 2-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" (бұдан әрі - Бағдарлама) қаулысына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бағдарлама аясында 2011-2012 оқу жылына техникалық және кәсіптік білімді мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы Бағдарлама аясында 2011-2012 оқу жылына техникалық және кәсіптік білімді мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары С. Сейдумановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі А. Есімов

Алматы қаласы әкімдігінің
2011 жылғы "07" шілдедегі
№ 3/446 қаулысына қосымша

**Бағдарлама аясында 2011-2012 оқу жылына техникалық және кәсіптік білімді мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы қаласының әкімдігінің 2011.12.06 N 4 /1011 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бір маманды оқытуға |

| № | Оқу мекемесінің атауы | Мамандықтың коды мен атауы | мемлекеттік білім беру тапсырысы | білімі | жұмсалатын қаржы жылындағы шығынның орташа құны (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Қазақ қатынас жолдары университеті" мекемесі | 1303000 - Темір жол қозғалысында автоматика, телемеханиканы басқару | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1202000 - Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру (салалар бойынша) | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1304000 – Электрондық есептеу және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 0904000 - Темір жол электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1409000 – Теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1108000 – Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **200** | | |
| | | 1201000 – Автокөлік | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | "Алматы индустриалдық колледжі" мекемесі | құралдарын жөндеу, пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 0911000 - Электромеханикалық құралдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу электр (түрлері бойынша) | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1304000 – Электрондық есептеу және бағдарламалық қамтамасыз ету ( түрлері бойынша) | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1202000 – Көліктегі қозғалысты басқару және тасымалдауды ұйымдастыру ( әр сала бойынша ) | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **200** | | |
| 3 | Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті жанындағы колледжі | 1304000 – Электрондық есептеу және бағдарламалық қамтамасыз ету ( түрлері бойынша) | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1403000 - Ішкі санитарлық-техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1401000 - Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **100** | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | "Азаматтық авиация академиясы" Акционерлік қоғамы | 1310000- Көліктік радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1205000- Әуе жол көліктерін басқару және пайдалану | 50 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **75** | | |
| 5 | "Алматы байланыс колледжі" Қазақ-Америка Университетінің беймемлекеттік бейкоммерциялық мекемесі | 1306000 - Радиоэлектроника және байланыс (салалар бойынша) | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **25** | | |
| 6 | "Алматы технологиялық университеті" Акционерлік қоғамы | 1219000 - Нан, макарон және кондитер өндірісінің технологиясы | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1224000 - Сүт тағамдарының өндірісі | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1226000 - Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімдерін өндірудің технологиясы және оны ұйымдастыру | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1211000 - Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1223000 - Сыра, алкогольсіз және спиртті ішімдіктер өндірісі | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | 1218000 - Азық-түлік өндірісі | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **150** | | |
| 7 | "Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжі" Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1201000 – Автокөлік құралдарын жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **25** | | |
| 8 | "Алматы мемлекеттік политехни калық колледжі" Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1304000 – Электрондық есептеу және бағдарламалық қамтамасыз ету | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **25** | | |
| 9 | "Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі" Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 0901000 – Электр станциялары мен кішігірім станциялардың электр жабдықтары (түрлері бойынша) | 25 | 11 сынып | 28,6 |
| | | | **25** | | |
| | Барлығы: | | **825** | | |

Ескерту: Оқу ақысы ұлғаю жағына қарай өзгереді, сонымен қатар стипендия және жалақының көбеюіне байланысты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК